



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

отырып, «ядролық материалды» тек бейбіт мақсатта ғана пайдалану. Аталмыш Келісім мен МАГАТЭ Жарғысының XX бабына сәйкес «ядролық материалдарға» кез келген бастапқы материал немесе арнайы ыдыратылған ядролық материал жатады, оның ішінде Қазақстан өз кенорындарында өндіріп жатқан уран да бар.

Осындай күрделі де маңызды жұмысты атқару жолында алда тұрған мынадай міндеттер шешім табу керек:

1) жер қойнауын зерттеу мен игеру мәселелері бойынша халықаралық-құқықтық актілер мен халықаралық келісімдерді түгелдей ревизияға салу қажет. Мұнда, егер қандай да бір халықаралық актілер Қазақстан мүддесіне сай келмесе я олар формалды сипатта болып жер қойнауын анағұрлым тиімді де ұтымды пайдалануға сеп болатын тұжырымдамалық қағидалары болмаса, олардың ықпал ету шеңберінен шығу қажет, ал ондай келісімдерді денонсациялаған жөн;

2) егер Қазақстанның мүдделеріне сай келсе, жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін қазіргі халықаралық актілерге қосылудың мүмкіндіктері мен қажеттігін зерттеу керек;

3) трансшекаралық аумақтарда жер қойнауын зерттеу мен игеру жөніндегі әрістестік туралы қостарапты жаңа келісімдер жасасудың (мысалы, ҚХР, Ресеймен, Өзбекстанмен, Түркімениямен, Қырғызстанмен, Әзірбайжанмен) перспективаларын зерттеу қажет;

4) халықаралық-құқықтық актілермен қайшылықтарды болдырмау үшін, сондай-ақ ұлттық заңдарға халықаралық актілердің нормаларын имплементациялау мақсатында жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ұлттық заңдарды талдап шығу;

5) ТМД елдері мүше бола алатын халықаралық ұйым құру қажет. Ол ұйымның мақсаттары жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативті-құқықтық және нормативті-техникалық актілерді бірегейлеу, жер қойнауын пайдалану саласындағы саясатты үйлестіру, жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің бірегей механизмін жасау, жер қойнауын пайдалану саласында ұйымға мүше емес мемлекеттерге қатысты келісілген саясат жүргізу болуы керек.

Жер қойнауына деген талас, мемлекет арасындағы мүдделер қақтығысы, біздің пікірмізше, адам өлімне әкеп соқтырмайтын тек бейбіт жолмен, қару-жарақ пен түрлі атом қаруының қолданылуынсыз шешілуі қажет.

Қолданылған әдебиет

1. Редько Т.И., Международно-правовое сотрудничество государств в области недропользования. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. // Библиотека Дипломатической академии Министерства иностранных дел Российской Федерации. - М., 2007. - С.3

2. «Война в Конго». История человечества/ Б.Байер, У. Бирнштайн, Б.Гельхофф, Э.К.Шютт; Пер.с нем. И 90 Н.А.Врублевская и др. – М.: ООО «Издательство АСТ» : ООО «Издательство Астрель», 2002. – стр.600

3. Еуропа энергетикалық хартиясы. — [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL:<http://kk>. (дата обращения 05.02.2015)

4. Елубаев Ж.С. Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемалары: отандық тәжірибе және шетелдік жүзе. Монография. – Алматы, 2011.

11.7 Предпринимательское право

УДК 347.7

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ: ӘЙЕЛДЕРЛІК КӘСІПКЕРЛІГІ

Абильмажинова Жибек Ермековна
zhikoniya@bk.ru

Адамзаттың орнықты дамуының негізгі факторларының бірі – гендерлік теңдікке қол жеткізу. Қазақстанда Конституция және барлық ұлттық заңнамалар өмірдің және қызметтің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқығын көздейді. ҚР Конституциясының 24 - бабына сәйкес әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. [1]

Әлемдегі халықтың 50 пайыздан астамын әйелдер құрайды және олардың өзі тұратын, балалары өмір сүретін қоғамға көзқарасы немқұрайлы емес. Әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қажетті шарттарды мойындап, қамтамасыз етуші елдер дұрыс бағытта келеді. Қазақстан Республикасының гендерлік тең құқықтық мәселесіндегі жетістіктерін халықаралық қауымдастық мойындаған. 2013 жылы жүргізілген жыныстық тең құқықтық деңгейі рейтингінде Қазақстан 136 ел арасында 32-ші орынға ие болды.

БҰҰ Бас ассамблеясының «Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік, ХХІ ғасырдағы даму және әлем» атты 23-ші арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1190 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін белгілейді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуда үлкен жұмыстар атқарды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы “Отбасы және әйелдер істері” жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Елбасы әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндіктеріне назар аударды. Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министр және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. [2]

Қазақстан қазіргі уақытта адам құқығы бойынша 60 халықаралық шартқа қосылды. 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдіктің ұлттық стратегиясы бекітілді. Осы стратегияны орындау бойынша әйелдердің саясатта және экономикада ілгерілеуі, әйелдердің, ерлердің және жасөспірімдердің ұрпақ әкелу қабілетін сақтау, әйелдерге және балаларға қатысты күш көрсету көріністеріне қарсы күрес, отбасы қатынастарында гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша 40-тан астам іс-шараны қамтитын Үкіметтің орта мерзімді іс-шаралар жоспары іске асырылуда. [3]

Елде тұрақты даму мен халықтың хал-ауқатын қалыпты деңгейге жеткізудің стратегиялық факторының бірі – қазіргі заманғы өркениетті кәсіпкерлікті қалыптастыру. Әлемнің көптеген елдеріндегі сияқты Қазақстанда да жаңа идеялардың қайнар көзі іспеттес экономиканы әртараптандырудың кілті - кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру ісіне айрықша маңыз беріліп отыр. Оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы – қоғам үшін маңызды.

Әйел-кәсіпкерлер – өзін-өзі іске асыруға деген жоғары қажеттілікпен, шығармашылықпен беріле жұмыс істейтін, табиғатынан жаңашыл, либералдық құндылықты жеткізушілер болып табылады. Әйелдердің осынау ерекше әлеуметтік тұрпаты кәсіпкерлікте ғана емес, еңбек қызметінің басқа да көптеген салаларында, сан-алуан ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындарда талап етіледі.

Әйелдер кәсіпкерлігі бәсекелес нарықтық ортаны құруға мүмкіндік туғызады, нарықты тауарлар және қызметтермен қанықтырады, сұраныстың өзгерістеріне икемді жауап береді және тәуекелді жобалар мен жаңалықтар енгізеді, мамандарды, капиталды, негізгі сондай-ақ, қосымша материалдарды толықтыру көзі болып табылады.

Кәсіпкер әйелдер мен ерлердің салыстырмалы ғадетіне қатысты көптеген зерттеулер көрсеткендей, еркіндік, мақсатқа бағытталу, бастамалық, өзгермелі экономикалық жағдайларға бейімделу деңгейі сияқты іскерлік қасиеттердің негізгі критерийлері бойынша ерлер алдыңғы қатарда. Дегенмен, іскерлік салада әйелдер мынадай артықшылықтарға ие: оларда аса менмендік жоқ, кәсіпорынның стратегиясын дайындауда үлкен жауапкершілік танытады, адамдармен сыпайы, жақсы қарым-қатынаста болады, өзінің интуициясын белсенді пайдаланады, әлеуметтік жауапкершілігі мол. Осы қасиеттерінің арқасында кәсіпорын міндеттерін іске асыруда ерлерге қарағанда біршама артықшылықтарға ие болады. Мұның бәрі әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің маңызды әлеуетін сипаттайды.

Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы еңбекке қабілетті халықтың жұмыс бастылық деңгейін және олардың өмір сүру сапасын арттыруға өз септігін тигізеді. Бұл феноменді әйелдер кәсіпкерлігін зерттеп жүрген америкалық ғалымдар Р.Петерсон мен К.Вермейер «әлемдік масштабтағы тыныш революция» деп көрсетіп, тәуелсіз кәсіпкерлікке деген әйелдердің қызығушылығын осылай тұжырымдады. Ал бұл құбылысты қазіргі заманғы кәсіпорындағы әйелдер рөлінің өзгергенін талдай келе америкалық ғалым Д.Нэбит «жаңадан пайда болған мүмкіндіктер жарылысы» деп бағалады [4. 158-б].

Соңғы отыз жылда адамзаттың негізгі аспектілерін қайта қарауда – жұмыс, отбасы, жыныс мәселелері, теңдікке және әділеттілікке ұмтылуда әйелдер жетекші орындарға ие болды. Әйелдер қазір болмысты айқындауға, білімді қабылдауға және көшбасшылыққа үйретуге ықпал етеді. Бүгінгі таңда әйелдер кәсіби белсенділік көрініс табатын көптеген салаларды игерген. Алайда бизнес қарқыны салыстырмалы аз уақытта басшының ұйымды табысқа жеткізуге қабілетті немесе қабілетсіз екенін анықтап береді. Ал әйелдердің бизнеске араласуы іскерлікті айғақтайды және сенімді нығайтады, сонысымен де ескірген әлеуметтік көзқарасты еңсеруге көмектеседі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында экономиканы әртараптандыру - табыс кілті екенін атап көрсеткен болатын. Әртараптандырудың өзегі - кәсіпкерлік. Экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші де кәсіпкерлер. Сондықтан, әлемнің көптеген елдеріндегі сияқты, Қазақстанда да жаңа идеялардың қайнар көзі іспеттес кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру ісіне айрықша маңыз беріліп отыр. Оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы қоғам үшін маңызды. Әйелдер кәсіпкерлігі бәсекелес нарықтық ортаны құруға мүмкіндік туғызады, тауарлар және қызметтермен нарықты қанықтырады, сұраныстың өзгерістеріне икемді жауап қайтарады, тәуекелді жобалар мен жаңалықтар енгізеді, сондай-ақ мамандарды, капиталды, негізгі және қосымша материалдарды толықтыру көзі болып табылады. Әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін көтеруге және олардың өмір сүру сапасын арттыруға өз септігін тигізеді.

Қазақстанда ерлер және әйелдер үшін жұмыспен қамтудың жаңа мүмкіндіктерін жасай отырып, кәсіпкерлік сектор, оның ішінде шағын және орта бизнес қарқынды дамуда. Елдің өңірлерінде шағын кәсіпорындардағы жұмыс тұрғын халықтың басым бөлігінің табыс көзінің негізіне айналууда. 2014 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша елде 665 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері белсенді жұмыс істейді, оларда 2375,2 мыңнан астам адам еңбек етеді. 2011 жылғы қаңтар - сәуірде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнім (тауарлар және қызмет) бұған дейінгі жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,4%-ға өсті және 2161,0 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық экономика министрлігінің кәсіпкерлікті қолдау департаменті директоры Ғалия Жолдыбаева «Ұлттық экономика министрлігі банкпен шағын және орта бизнеске қолдау жобаларын іске асыру туралы келісім бекітуді жоспарлап отыр. (...) Бизнесітегі әйелдерді қолдау бағдарламасы бойынша кәсіпкер қыз-келіншектерге 41 млн доллар несие беруді қарастырады», - деді ол ЕҚДБ-нің бизнестегі проблемалар жөніндегі форумында.

Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет. [5]

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар өкілдерінің арасында 50 пайыздан астамы, жеке кәсіпкерлердің 66 пайызы әйелдер. Қазіргі қоғамда бүкіл әлемде үкіметтер әйел кәсіпкерлігін дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді арнайы бағдарламалар арқылы шешуге ұмтылууда. Бүгінде гендерлік аспектілер мемлекеттің саясатында ескеріле бастады. Сонымен бірге, билік әйел кәсіпкерлігінің пайдасы мен әлеуетті мүмкіндігі туралы хабардар болуға ұмтылууда.

Әйелдер кәсіпкерлігінің бұрыннан әйелдер қызмет етіп келе жатқан, өздеріне ыңғайлы салаларда дамуы байқалады. Ол салалар қатарында тұрмыстық қызмет көрсетулер, қоғамдық тамақтану, сауда, білім беру, әлеуметтік көмек көрсету, денсаулық сақтау, қонақ үй шаруашылығы және басқалар бар. Ал әйелдер тарапынан аз игерілген салалар құрылыс, транспорт, шикізат өнеркәсібі болып табылады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, әйелдер кәсіпкерлігінің ер адамдар кәсіпкерлігіне қарағандағы ерекшеліктері зерттеу нәтижелерінде дәлелденді. Сауалнамада респонденттер басқару стилі, мейірімділік, эмоциялық сияқты негізгі әлеуметтік индикаторларды таңдаған (1-кесте).

Кесте 1

Әйелдер кәсіпкерлігінің ер адамдар кәсіпкерлігіне қарағандағы ерекшеліктері

Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіштер
Басқару стилі	62%
Қаржыландыру көздері	26%
Желілік байланыстар құрылымы	12%
Мотивация және жетістіктер	42%
Тапқырлық, жаңашылдыққа ұмтылу	46%
Мейірімділік, эмоциялылық	10%

Бизнестің басты қағидасы - табыс табу екені белгілі. Сонымен қатар кәсіпкерлердің өз мүмкіндіктеріне қарай халықтың әлеуметтік жағдайына қарайласып отыруы дүниежүзі бойынша кең тараған құбылыс. Бірақ, мұның өзі орталық немесе жергілікті атқарушы

органдардың мәжбүрлеуімен немесе талап етуімен емес, еріктілік жағдайында, атқарушы билік органдармен меморандумдарға қол қою арқылы атқарылса, нәтиженің де қомақты болатынын еліміздің тәжірибесі көрсетіп отыр. «Жауапкершілік арқылы үйлесімге ұмтылу» қағидасы әйелдер басқаратын кәсіпорындардың корпорациялық ұстанымын барынша дәл бейнелейді. Кәсіпкер әйелдер қоршаған ортамен, заңнамамен, қызметкерлермен, жергілікті тұрғындармен, сондай-ақ адамгершілік қағидаларымен үйлесім табуға ұмтылуды өздерінің басты мақсаты деп санайды.

Кәсіпкер - әйелдердің экономикалық белсенділігін қолдау мақсатында ел Үкіметі 2002 жылдан бастап әйел кәсіпкерлігін қолдау бойынша шараларын жүзеге асыруда. Ондаған мың әйелдер жеңілдікті кредит алып, өздерінің бизнестерін ашты. 2002 жылдан 2008 жылға дейін республикалық бюджеттен «Даму» ҚДҚ»АҚ арқылы шағын субъектілерге, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігіне кредит беру бағдарламасы іске асырылды. Әйел кәсіпкерлігін анықтайтын негізгі өлшем басшысы әйел және еңбек ұжымының кемінде 50%-ы әйелдер болуы керек.

Өз істерін ашатын әйелдерді қолдау қажеттілігі туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін «Даму» қоры 2009 жылдың қарашасында әйелдер кәсіпкерлігіне шағын кредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерге келісіп орналастыру бағдарламасын қабылдады. Бағдарламаның негізгі мақсаты кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін қолданыстағы және жаңадан бастайтын әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерінің жобаларына жеңілдікпен кредит беру арқылы ынталандыру болып табылады. [6]

Қаражат әйелдер кәсіпкерлігіне микрокредит ретінде берілетін болған жағдайларда қор әріптес банктерге ақша қаражатын беру жолымен бағдарламаны жүзеге асырады. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған және жаңа бизнеске арналған. Клиент қарызды қолданыстағы кредиттерді қайта қаржыландыруға, инвестициялық мақсатқа, айналым қаражатын толықтыруға алуына болады. Салалар бойынша шектеулер жоқ. Тиімді ставка жылдық 14,0 пайыздан көп емес, қарыз валютасы – теңге, несиелеудің ең ұзақ мерзімі – бес жыл.

2013 жылдың 23 қаңтарында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ арасында «Damu start up» банктік өнімі шеңберінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, оның шарттары бойынша бастапқы бизнесті қаржыландыру болжайды. Бастаушы кәсіпкерлер үшін 20 млн.теңгеге дейін несие алуға мүмкіндік беріледі. Оның ішінде 14% сыйақы мөлшері, оның ішінен 7% «Даму» ҚДҚ» АҚ субсидияландырады және 7 % кәсіпкер өзі төлейді. «Даму» ҚДҚ» АҚ бастаушы кәсіпкерлер үшін несие бойынша кепілгер болып – несие сомасының 70%- «Даму» ҚДҚ» АҚ кепілі. Қалғанын кәсіпкер осы банктегі депозитімен қамтамасыз етеді. [7]

Жалпы, әйелдер еңбек рыногының жаңа талаптарына икемділік танытуда. Өз отбасын қолдау үшін әйелдер іс ашып еңбекке орналасудың күрделі ахуалынан шығу жолын қарастырады. Әрине, олардың қызметінің табыстылығы көбінесе елдегі қолайлы бизнес-ортаға байланысты болады.

Дегенмен, қазіргі қоғамда жоғары жалақы төленетін және беделді жұмыспен ерлер айналысады. Статистика, Қазақстанда ғана емес, дүние жүзінің басқа да елдерінің көпшілігінде осындай жағдайдың қалыптасқанын растап отыр. Әйелдер үшін кәсіби білімге және мансапқа жол кеңінен ашылды, бірақ үй шаруашылығымен әлі де болса әйелдер айналысады, бұл әйелдер жүктемесі екі есе дегенді білдіреді.

Қазақстанда әйелдер әлбетте, шағын кәсіпорындарға ие. Әйелдер басым салаларға қонақүйлерді және мейрамханаларды (63%), сауданы (59%), коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызметтерді (59%) және ауыл шаруашылығын (53%) жатқызуға болады. Әйелдердің ірі бизнеске енуі жаппай сипатқа ие бола қойған жоқ: оң үрдіске қарамастан, әйел кәсіпкерлігі әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты нақты қиындықтардан өтуде. Әйелдердің бизнеске жаппай келуіне экономикалық және заң кедергілері ғана емес, мәңгі екінші рөлде болу дағдысы, ескілікті менталитет кедергі келтіреді.

2008 – 2010 жылдардағы дағдарыстан кейінгі дамуға қатысты тапсырмаларды шешу үшін 2010 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы іске асырылуда. Бұл қазіргі Қазақстан тарихындағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша ең ауқымды бастама болып табылады.

Қазіргі таңда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының мақсаты әкімшілік кедергілерді және бизнеске жүктемелерді төмендету арқылы негізі бизнес-ахуалды жақсарту болып табылады. Осы мақсаттар үшін рұқсат беру жүйесін және мемлекеттік органдардың бақылау - қадағалау қызметі жетілдірілуде. Бизнес - ахуалды жақсарту бойынша Қазақстанның тәжірибесін көптеген беделді халықаралық рейтингтер бағалауда. Дүниежүзілік банктің есебі жарияланған 2010 жылдың қарашасында «Doing Business-2011» рейтингінде Қазақстан 15 позицияға көтеріліп, 59-орын алған және кәсіпкерлік қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға қол жеткізетін 10 елдердің тізімін бастайды. [8]

Кеден одағы жұмыс істей бастағаннан бері де кәсіпкерлік үшін үлкен мүмкіндіктер ашылды. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға қабылданған шаралар, тұтастай алғанда, жалпы ШОБ дамытуға, оның ішінде әйел кәсіпкерлігіне оң ықпалын тигізуде.

Әйелдер кәсіпкерлігінің мынадай мүмкіндіктері бар: біріншіден, әйелдер қозғалысын дамыту саласында орын алады; екіншіден, әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік құқықтық қолдауда және әйел-кәсіпкердің белсенді рөлінде өзін әйелдер қозғалысына қатыстылығын және оның демократияландыру процесін дамытудағы азаматтық қоғамның қалыптасуындағы, экономиканың нығаюындағы проблемаларға қатысы бар екендігін сезінуі [9. 31-б].

«Кез келген елдің болашағы әйелдердің қоғамдағы орнына байланысты болады. Біз бұған үлкен мән береміз» деп Елбасының айтқаны бар. Бүгін де Қазақстан қоғамында әйелдер саясатта болсын, бизнесте болсын, экономиканың барлық секторында, шаруашылықтың әр түрлі салаларында болсын, ер-азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктіліктері мен іскерліктерін танытып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. «Нұрлы Көксу» аймақтық БАҚ, 20 наурыз 2013
3. 2006 – 2016 ж. арналған гендерлік теңдіктің ұлттық стратегиясы
4. Состояние гендерных исследований в Казахстане: политика, образование, культура. – Алматы, «Қазақ университетті», 2010.
5. ҚР Президентінің Жолдауы «Нұрлы жол» 2014 ж.
6. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
7. «Даму Start Up» бағдарламасы 2013 ж.
8. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы
9. Әлеуметтану. – Алматы, «Қазақ университетті», 2004 ж.

УДК 347.7

О ПЕРСПЕКТИВАХ ПРИНЯТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО КОДЕКСА

Апиев Аблай Сабырович

a_ablay94@mail.ru

Студент факультета юриспруденции, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Жаманбаева Ж.Е., ст. преподаватель,

В настоящее время законодательство о предпринимательской деятельности представляет собой огромный массив нормативных правовых актов различной отраслевой принадлежности. Во всей своей актуальности возникла задача систематизации этого огромного массива, нужна единая понятийная и методологическая база для всех